Онымен қоса, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық шарттардың

жобалары бойынша ғылыми (құқықтық-лингвистикалық, экологиялық, қаржы және басқа) сараптама жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сараптамасынан өткен олар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде келісілуге тиістігі айқындалды¹.

Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының сапасын, негізділігін, уақытылылығын және оған қатысудың заңдылығын бағалауға бағытталған ғылыми сараптаманың бірі – лингвистикалық сараптама болып табылады.

Лингвистикалық сараптаманы жүргізу міндеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі құрылымындағы Заңнама институтына жүктелген.

Халықаралық шарттар жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын айқындау мақсатында жүргізілетін бұл сараптама түрі:

1) заңнамалық актілердің жобалары бойынша – Әділет, Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерімен келісілгеннен кейін, олар Үкіметке енгізілгенге дейін;

2) ратификациялауға жататын халықаралық шарттар жобалары бойынша – оларға қол қойылғанға дейін;

3) Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенген, ратификациялауға жататын халықаралық шарттар бойынша – оларды ратификациялау немесе ратификациялау жолымен оларға қосылу туралы шешім қабылданғанға дейін жүргізіледі².

Халықаралық шарттар жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде шарт жобасын әзірлеудің заңдық-техникалық (ресімдеу бойынша) және заңдық-тілдік талаптардың сақталуы, яғни шарт жобасының тақырыптық (нысандық) заңдық талаптары, шарт жобасының мазмұны мен құрылымын қалыптастырудағы құқықтық норманы баяндау логикасының сақталуы, құқықтық нормаларды беруде заң терминдерінің және өзге де тілдік құралдардың дұрыс пайдаланылуы бағаланады.

Түпнұсқа болып саналатын, орыс тілінде әзірленген шарт жобасының қазақ тіліне аударылған нұсқасы тақырыптық нысанына, ұғымдық аппараттың дәл берілуіне, нормативтілік мазмұнды құрайтын қалыпты сөздер мен сөз тіркестердің, терминдер мен сөйлем-

¹ «Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 қаулысы //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер ақпараттық-құқықтық жүйесі <http://www.adilet.gov.kz/ru>. қол жеткізу күні 01.08.2018ж.

² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1300 қаулысы //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер ақпараттық-құқықтық жүйесі <http://www.adilet.gov.kz/ru>. қол жеткізу күні 01.08.2018ж.

дердің нормаға сай пайдаланылып, мазмұнынды дәл ашуына, шарт нормасын құрайтын ішкі құрылымдық элементтердің орналасуына тексеріледі [3, 161-6].

Лингвистикалық сараптама шегінде қамтылатын осы мәселелер шарт жобасы мәтінінің тентүпұсқалығын қамтамасыз етіп қана қоймай, шарттарда екіұшты, түрліше түсінуге әкелетіндей пайдаланылуы мүмкін сөздер мен сөз тіркестерін болдырмауға, оның шарт жобасының мазмұндық сапасын - шарт мәтіні тілінің айқындығын, дәлдігін, нақтылығын, дұрыстығын, шын мәнінде қолдануға жарамды болуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Халықаралық шарттар жобаларына жүргізілетін лингвистикалық сараптама тәжірибесінде бүгінгі күні жиі кездесетін және тентүпұсқалықты анықтауда қиындық туындататын жайт – шет тілдерден аударылған шарттардың орыс тіліндегі жобаларындағы тілдік талаптарды бұзатын лексикалық, стильдік және грамматикалық олқылықтармен қоса ішінара заңдық-техникалық (ресімдеу бойынша) және логикалық кемшіліктерге жол берілуі болып табылады. Бұл шет тілдерінен аударылатын жобалар сапасын жетілдіруді талап етеді.

Әзірлеуші органдармен Лингвистикалық сараптамаға ұсынылған мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық халықаралық шарттар жобаларының басым көпшілігі екіжақты және көпжақты шарттар, бірқатары шет тілдерінен тікелей орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне аударыла отырып әзірленген шарттар жобалары болды.

2017 жылы Лингвистика орталығына сараптамаға 165 халықаралық шарт жобасы, (олардың 9-ы сапасының төмен болуы, құжаттардың толық ұсынылмауы себепті кері қайтарылды), ал 2018 жылдың 7 айында сараптамаға 90-нан аса халықаралық шарт жобасы түсті³. Лингвистикалық сараптамаға ұсынылған халықаралық шарт жобаларының реттеу объектілері түрлі саладағы ынтымақтастықтарды қамтыды⁴.

Халықаралық шарттар жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізу барысында әзірлеушілерге жобалардың қазақ тіліндегі мәтіндеріндегі заңдық-техникалық (ресімдеу бойынша) және тілдік нормаларды бұзатын кемшіліктерді түзету жөнінде ұсынымдар беріледі.

Сараптама жүргізу кезінде лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалардың

сақталмауы, атап айтқанда:

- сөздердің, сөз тіркестерінің, терминдердің мағынасын дәл жазбау, терминдерді жазудағы бірізділікті сақтамау;

- орыс тілі мен қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін ескермеу, көбіне септік, көптік және жекеше жалғауларды дұрыс жазбау, емле қателерге жол беру;

- орыс тіліндегі мәтінде құқық нормасын ұзақ сөз тіркестерімен не сөйлем көлемін артық жазумен түсінуді қиындататын стильдік кемшіліктер;

- мәтіндерді аудармай не басқа ескі нұсқасымен ұсыну;

- мәтін құрылымын дұрыс ресімдемеу, жобада өзгерістер мен толықтырулар редакциясын қолданыстағы актіге сәйкестікке келтірмей ұсыну сияқты кемшіліктер кездесіп отырды.

Сонымен бірге нысаны ұқсас халықаралық шарттарды «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілер акпараттық-құқықтық жүйесінен қарап, үлгі ретінде пайдаланудың, ұғымдар мен терминдердің пайдалану тәжірибесін зерделеудің ескерілмеуі жиі кездесті. Мысал ретінде қылмыстық құқықтық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастық мәселелеріне қатысты 2018 жылы Бас прокуратура ұсынған халықаралық шарттар жобаларына жүргізілген лингвистикалық сараптамаға тәжірибесімен бөлісуге болады.

Шарт атауының жазылуы дұрыс:

«Договор между Республикой Казахстан и Республикой Македония о выдаче лиц» - «Қазақстан Республикасы мен Македония Республикасы арасындағы адамдарды ұстап беру туралы шарт»;

Жоба мәтінінде «из-под стражи» деген сөз дұрыс аударылмаған:

«вправе освободить лицо из-под стражи и отказать в его выдаче за это же преступление» - «адамды қамаудан босатуға және дәл осы қылмыс үшін оны ұстап беруден бас тартуға» (дұрысы: «адамды күзетпен ұстаудан босатуға және дәл осы қылмыс үшін оны ұстап беруден бас тартуға құқылы.»).

Жоба мәтінінде «задержании» деген сөз дұрыс аударылмаған:

«Постановлении об аресте или задержании» - «қамаққа алу немесе қамауда ұстау туралы қаулылардың» (дұрысы: «қамаққа алу немесе ұстап алу туралы қаулылардың»)⁵.

Шарт атауында «лиц» деген сөз жазылмаған:

³ Лингвистикалық сараптамаға түскен халықаралық шарттар жобаларын тіркеу журналы (31.07.2018ж. жағдай бойынша)

⁴ Лингвистика орталығының 2017 жылға арналған есебі (2017 жылғы 20 желтоқсандағы жағдай бойынша)

⁵ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 2-013620-18-22127 хатымен жолданған «Қазақстан Республикасы мен Македония Республикасы арасындағы адамдарды ұстап беру туралы шарт» жобасы

«Договор между Республикой Казахстан и Малайзией о выдаче» - «Қазақстан Республикасы мен Малайзия арасындағы ұстап беру туралы шарт»;

Жоба мәтінінде «из-под стражи» деген сөз дұрыс аударылмаған:

«лицо может быть освобождено из-под стражи» - «адам қамаудан босатылуы мүмкін» (дұрысы: «адам күзетпен ұстаудан босатылуы мүмкін»);

Жоба мәтінінде «арест» деген сөз дұрыс аударылмаған:

«временный арест» - «уақытша қамау» (дұрысы: «уақытша қамаққа алу»);

Жоба мәтінінде «без привязки какой либо третьей стороне или международному трибуналу» - «қандай да бір үшінші тарапты немесе халықаралық трибуналдың байлауынсыз» деген сөз тіркестерінде «без привязки ... трибуналу» деген сөздер «трибуналдың байлауынсыз» деп жалғаулық дұрыс жалғанбай аударылып, мағынасы дұрыс берілмеген (дұрысы: «трибуналды байланыстырмай»);

Сондай-ақ «внутригосударственных процедур» деген сөздер «мемлекеттік рәсімдерді» деп дұрыс аударылмаған (дұрысы: «мемлекетшілік рәсімдерді»⁶).

Халықаралық құқықтық нормаларда белгілі процесті белгілеуде мағыналық жүктемені білдіретін осы сияқты түрлі терминдер

қолданылады.

Ал шарт жобасында әрбір сөздің, сөз тіркесінің, терминнің белгілі ұғым мен мағынаны қамтып, түпнұсқадағы ұғымға жақын, мағынасы дәл әрі қабылдауға түсінікті болуы маңызды.

Шарт жобасының теңтүпнұсқалығының қамтамасыз етілуі оның құқықтық мазмұны мен құрылымның дұрыс, қолданылатын нысанына сай функционалдық міндетін атқаратын акт ретінде қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Халықаралық шарттар жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізу - халықаралық шарттар жобаларының теңнұсқалығын, заң тілі стилі ерекшеліктері мен тілдік нормалардың сақталуын, ондағы заң лексикасының қолданылуын жетілдіруге бағытталған нәтижелі шара екендігін айтуға болады.

Ал қолданыстағы заңнаманы зерделейтін болсақ кейбір халықаралық шарттар мәтіндерінде де мағына дәлдігінің сақталмауы, терминдер мен сөз тіркестерінің дұрыс пайдаланылмауы және бірізділіктің болмауы сияқты лексикалық, стильдік кемшіліктермен қатар грамматикалық кемшіліктерге де жол берілгендігін байқауға болады. Мұндай кемшіліктердің бірқатары қолданыстағы халықаралық шарттарда жиі кездеседі. Мысалы:

1. «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шарт» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 1074 Жарлығы, 12-бап.

Қолданыстағы нұсқа:

«Заң құзырын сақтау» -
«Сохранение юрисдикции»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

Юрисдикцияны сақтау

2. «Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 қаңтардағы № 730 Жарлығы, 1-баптың 2-тармағы.

Қолданыстағы нұсқа:

«заң құзырын» - «юрисдикцию»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

«юрисдикцияны»

3. «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шарт» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 523 Жарлығы, 11-баптың 1-тармағы.

Қолданыстағы нұсқа:

«үкімдерді қайта қарау бойынша юрисдикцияға ие болады.» -
«обладает юрисдикцией по пересмотру вынесенных приговоров»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

«шығарылған үкімдерді қайта қарау бойынша юрисдикцияға ие болады»

⁶ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2018 жылғы 17 мамырдағы № 2-013601-18-32420 хатымен жіберілген «Қазақстан Республикасы мен Малайзия арасындағы ұстап беру туралы шарт» жобасы

4. «Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 767 Жарлығы, 3-баптың 2-тармағы.

Қолданыстағы нұсқа:

«адамдардың немесе заттардың орналасқан жерін және ұқсастығын анықтау» - «определение места нахождения и идентификация лиц или предметов»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

«адамдардың немесе заттардың орналасқан жерін және идентификацияны анықтау»

5. «Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 767 Жарлығы, 14-бап.

Қолданыстағы нұсқа:

«Адамдардың немесе заттардың орналасқан жері немесе ұқсастығы» - «Местонахождение или идентификация лиц или предметов»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

«адамдардың немесе заттардың орналасқан жері немесе идентификацияны»

6. 2015 жылғы 16 шілдедегі № 331-V Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған «Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт», 12-бап.

Қолданыстағы нұсқа:

«12-бап. Адамдардың немесе заттардың орналасқан жерін анықтау немесе оларды сәйкестендіру» - «Статья 12. Установление местонахождения или идентификация лиц или предметов»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

«адамдардың немесе заттардың орналасқан жерін анықтау немесе оларды идентификациялау»

7. «Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы ұстан беру туралы шарт» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 482 Жарлығы, 7-баптың 1-тармағы.

Қолданыстағы нұсқа:

«жеке басын сәйкестендіру» - «идентификации личности»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

дұрыс

8. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы Келісім, Сочи қ., 2008 жылғы 23 қазан, 3-баптың 1-тармағы.

Қолданыстағы нұсқа:

«есірткі құралдары мен психотроптық заттарды зерттеудің және сәйкестендірудің жаңа әдістері» - «о новых методах исследования и идентификации наркотических средств и психотропных веществ»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

«есірткі құралдары мен психотроптық заттарды зерттеудің және идентификациялаудың жаңа әдістері»

9. «Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шартын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 8 сәуірдегі № 10-V Заңы, 13-бап (2) тармағы (i) тармақшасы.

Қолданыстағы нұсқа:

«таңбаның кез келген бейнесін

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

«таңбаның кез келген бейнесін

немесе басқа да сәйкестендіруді
ұсыну» - «любое представление
или другая идентификация знака»

немесе басқа да идентификаттауды
ұсыну»

10. 2015 жылғы 16 шілдедегі № 331-V Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған «Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт», 9-бап.

Қолданыстағы нұсқа:
«төлнұсқалығын анықтаусыз және
заңдастырусыз» - «установления
подлинности и легализации»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:
дұрыс

11. «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шарт» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 1074 Жарлығы, 17-бап.

«расталусыз және
заңдастырылусыз» - «без
подтверждения или легализации»

«л», «ыл» жалғауы артық.
«растаусыз және заңдастырусыз»

12. «Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 20 қарашадағы № 143-V Заңы, 7-баптың 4-тарағы.

Қолданыстағы нұсқа:
«авторын белгілеместен және
заңдастырмай» - «без авторизации
и легализации»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:
«авторын белгілемей және
заңдастырусыз пайдаланылады»

13. «Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісім» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 943 Жарлығы, 17-бап.

Қолданыстағы нұсқа:
«аумағында одан әрі расталмай
немесе заңдастырылмай
пайдаланылуға тиіс.» - «должны
быть использованы на
территории другой Стороны без
дальнейшего подтверждения
или легализации.»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:
«аумағында одан әрі растаусыз
немесе заңдастырусыз
пайдаланылуға тиіс.»

14. «Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 қаңтардағы № 730 Жарлығы, 16-баптың 2-тармағы.

Қолданыстағы нұсқа:
«өлуіне» - «смерти»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:
«қайтыс болуына»

15. «Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шарт» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 523 Жарлығы, 9-бап.

Қолданыстағы нұсқа:
«қайтыс болған» - «смерти»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:
дұрыс

16. «Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 қаңтардағы № 730 Жарлығы, 8-баптың 1, 3-тармақтары.

Қолданыстағы нұсқа:
«іс бойынша өндіріс жүргізу» -
«производство по делу»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:
«іс бойынша іс жүргізу»

17. «Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 767 Жарлығы, 3-баптың 2-тармағы.

Қолданыстағы нұсқа:

«қылмыстық істер бойынша тергеу, ізге түсу және іс жүргізу әрекеттерін» - «взаимную помощь в расследовании, преследовании и процессуальных действиях по уголовным делам.»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру, қудалау және іс жүргізу әрекеттерін»

18. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы Келісім, Сочи қ., 2008 жылғы 23 қазан, 3-баптың 1-тармағы.

Қолданыстағы нұсқа:

«қылмыстық қудалаудан» - «уголовного преследования»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

дұрыс

19. «Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 20 қарашадағы № 143-V Заңы, 16-бап.

Қолданыстағы нұсқа:

«қамаудан қашып кетсе» - «побег из-под стражи»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

«күзетпен ұстаудан қашып кетсе»

20. «Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы арасындағы Адамдарды ұстап беру туралы шартқа қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 11 қарашадағы № 686 Жарлығы, 7-баптың 2-тармағының б) тармақшасы.

Қолданыстағы нұсқа:

«адамды соттауға дейін оны күзетпен ұстау туралы мәлімет қоса беріледі.» - «сведения о содержании лица под стражей до его осуждения.»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

дұрыс

21. «Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 767 Жарлығы, 3-баптың 1-тармағы.

Қолданыстағы нұсқа:

«кез-келген»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

кез келген

22. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы Келісім, Сочи қ., 2008 жылғы 23 қазан.

Қолданыстағы нұсқа:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі мен Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы Келісім

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім

23. «Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 қаңтардағы № 730 Жарлығы, 7-бап.

Қолданыстағы нұсқа:

«5-бабының 1.1-тармағына» - пунктом 1.1 статьи 5»

Ұсынылатын дұрыс нұсқа:

«5-баптың 1.1-тармағына»

Республикалық терминология комиссиясы «жеке басын сәйкестендіру «ЖСН» - «идентификации личности (ИИН)» тіркесінде ғана «сәйкестендіру» деп, ал қалған жағдайларда «идентификация» түрінде пайдалануды белгілеген. Алайда, қолданыста әртүрлі пайдаланылуда.

Юрисдикция (лат. *jurisdictio* – сот ісін жүргізу) термині жалпы алғанда мемлекеттік органдар немесе мемлекет құзырына жататын құқықтық билік сипатындағы құзырет, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді қарау бойынша сот билігі органдарының қызметі. «Юрисдикция» терминінің мағынасы «құзырет» (биліктік өкілеттілік) ұғымымен тең мағынада [4, 176.].

«Юрисдикция» термині Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының 2015 жылғы 6 қазандағы отырысында «юрисдикция; заңдық құзыры» болып бекітілді. Осы мысалдарға зер сала отырып, қолданыстағы заңнамадағы мұндай кемшіліктерді шарттарға өзгерістер енгізу арқылы түзетіп отыру қажет. Онымен бірге, терминдерді дұрыс пайдаланудың жолдары: 1) мағыналық аударма жасау; 2) тілден соған сай балама табу; 3) екеуіне бағынбаған жағдайда қазақ тілінің заңдарына ыңғайлау, басқа тілден термин алу арқылы [5, 41-6], 4) сала бойынша терминдердің қолданысын саралай отырып нақты бір терминді пайдалануды назарға алу болуы қажет.

Қолданыстағы заңнамадағы, оның ішінде халықаралық шарттарда терминдерге қатысты мәселелердің шешімі болатын маңызды тұжырымдарды қазақ тіл білімі саласындағы белгілі ғылымдар А. Байтұрысыновтың, Қ. Жұбановтың, Ә. Қайдардың, Ө. Айтбаевтың, Қ. Шерубайұлының еңбектерінде қамтылғандығын атап өтуге болады.

Қорыта айтқанда, тілші, терминолог, ғалым Қ. Шерубайұлы тұжырымдағанындай: «терминологияны біріздендіру жұмысы ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданып жүрген нұсқаларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алып», яғни «мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің мүддесін көздей отырып жүзеге асырылуы қажет» [6, 124-125-б.].

Қолданыстағы заңнаманы толықтыратын заң жобалары мен халықаралық шарт жобаларын әзірлеуде де осыларды назарға алу қажет.

Қылмыстық көмек көрсету бойынша ха-

лықаралық шарттар қылмыстық әрекет жасаған және мемлекет аумағынан тыс жерлерде жүрген адамдарға қатысты жазалау қағидатын жүзеге асыруда шет мемлекеттермен ынтымақтастық жасаудың, мемлекеттер арасындағы туындайтын дауларды әлемдік деңгейде шешудің бірден-бір құралы [7, 256-б]. Ал халықаралық шарттардың сапалы болуы халықаралық ортада ұлттық мүдделерді қорғаудың, түрлі салаларындағы қатынастарды реттеудің негізі.

Бүгінгі күнгі халықаралық шарттар мәтіндеріне қатысты тілдік кемшіліктердің жиі кездесуі жобаны әзірлеу жұмыстарына бақылаудың тиісті дәрежеде үйлестірілмеуінен. Өйткені жобаны әзірлеу барысында кейбір мемлекеттік органдарда заң жобасы асығыс әзірленіп, олардың мәтіндерін мамандар өздері қалайтын сөздіктерге сүйеніп әзірлеп, пысықтаусыз лингвистикалық сараптамаға жөнелтіп жатады.

Онымен бірге заң мәтіндерін әзірлеу ісінде мамандарды әдістемелік құралдармен таныстырудың, мәтінмен жұмыс істеу әдістерін меңгерудің және олардың тәжірибесін жетілдірудің, сондай-ақ заңнамадағы терминдерді бірізге түсірудің жалпыға ортақ тетіктері [8, 52-79 б.] әлі толығымен ойластырылмағандығын көруге болады. Бұл мәселе – үкіметтік деңгейде қарастырылған жағдайда ғана нәтиже бертін мәселелердің қатарында қалып отыр.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет, қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек...»⁷ деп келешек бағытымызды нақтылап көрсеткен тұжырымының маңыздылығын атауға болады.

Еліміз латын әліпбиіне көшу қарсаңында тұрған кезеңінде бұл мәселе заң шығармашылығымен айналысатын мемлекеттік органдардың тиісті құрылымдарының үйлесімді жұмыс істеуінен бастап, тілдік нормамызды, оның ішінде заң стилі талаптарын, терминологияны пайдалану қағидалары мен ғылыми-әдістемелік негіздерін, мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру сияқты көптеген мәселелерді қайта қарауды алға қояды.

⁷ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы// www.akorda.kz/ қол жеткізу күні 01.08.2018ж

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нарикбаев М.С. Послание главы государства народу Казахстана «Нурлы жол - путь в будущее»: вопросы правового обеспечения // Ұлттық және халықаралық құқықтың өзара әрекеттестігі = Взаимодействие национального и международного права: материалы круглого стола. - Университет КазГЮУ. 15 мая 2015г. - Астана: ТОО «КазГЮУ Консалтинг». - 2015. - 152с.
2. Калиева Э.А. Проблемы совершенствования законодательства Республики Казахстан о международных договорах // Ұлттық және халықаралық құқықтың өзара әрекеттестігі = Взаимодействие национального и международного права: материалы круглого стола. - Университет КазГЮУ. 15 мая 2015г. - Астана: ТОО «КазГЮУ Консалтинг». - 2015. - 152с.
3. Юридическая техника: учебное пособие/ Н.А.Власенко, А.И.Абрамова, Г.Т.Чернобель и др. - 2-е издание, перераб. и доп.-М.: Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации; Юстиция, 2018. - 320с.
4. Черняков А.А. Право, закон, правозаконность: вопросы обновления действующего права и проблемы нормативной терминологии. - Алматы, Юрист, 2001. - 190 с.
5. Сыртқы саясат саласындағы терминдер және олардың қолданылуы: дөңгелек үстел материалдары/ құраст. Сәлемов С., Азабаева Г., Мәмбетов М.; жауапты ред. Ш. Құрманбайұлы. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі. - Алматы, 2011. - 72 б.
6. Ш. Құрманбайұлы Терминтану: оқу құралы. - Астана, 2009. -160 б.
7. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. Международное право. Общая и особенная части: учебник. - Алматы: Жеті жарғы, 2009. - 408с.
8. Аударма. Термин. Сөзжасам. (аудармашыларға, тіл мамандарына, жалпы көпшілікке арналған әдістемелік). Жауапты шығарушы Ө.Ақыпбекұлы. Астана, 2006. - 224б.

REFERENCES

1. Narikbaev M.S. Poslanie glavy gosudarstva narodu Kazahstana «Nurly zhol - put'v budushhee»: voprosy pravovogo obespechenija // Ұлттық және халықаралық құқықтың өзара әрекеттестігі = Vzaimodejstvie nacional'nogo i mezhdunarodnogo prava: materialy kruglogo stola. - Universitet KazGJuU. 15 maja 2015g. - Astana: ТОО «KazGJuU Konsalting». - 2015. - 152s.
2. Kalieva Je.A. Problemy sovershenstvovaniya zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan o mezhdunarodnyh dogovorah // Ұлттық және халықаралық құқықтың өзара әрекеттестігі = Vzaimodejstvie nacional'nogo i mezhdunarodnogo prava: materialy kruglogo stola. - Universitet KazGJuU. 15 maja 2015g. - Astana: ТОО «KazGJuU Konsalting». - 2015. - 152s.
3. Juridicheskaja tehnika: uchebnoe posobie/ N.A.Vlasenko, A.I.Abramova, G.T.Chernobel' i dr. - 2-e izdanie, pererab. i dop.-M.: Institut zakonodatel'stva i sravnitel'nogo pravovedeniya pri Pravitel'stve Rossijskoj Federacii; Justiciya, 2018. - 320s.
4. Chernjakov A.A. Pravo, zakon, pravozakonnost': voprosy obnovleniya dejstvujushhego prava i problemy normativnoj terminologii. - Almaty, Jurist, 2001. - 190 s.
5. Syrtқы sajasat salasyndaғы terminder zhәне olardyң qoldanylyу: dөңgelek үstel materialdary/ құраст. Sәlemov S., Azabaeva G., Mәмbetov M.; zhauapty red. Sh. Құрманбайұлы. Қазақстан Respublikasynyң Mәdeniet ministrliгі. - Almaty, 2011. - 72 b.
6. Sh. Құрманбайұлы Termintanu: оқу құралы. - Astana, 2009. -160 b.
7. Sarsembaev M.A., Sarsembaev K.M. Mezhdunarodnoe pravo. Obsbhaja i osobennaja chasti: uchebnik. - Almaty: Zheti zharý, 2009. - 408s.
8. Audarma. Termin. Sөzзhasam. (audarmashylarға, til mamandaryna, zhalpy көpshilikke arналған әdistemelik). Zhauapty shyғarushy Ө.Ақыпбекұлы. Astana, 2006. - 224b.